

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ
Биржалық кеңесінің шешімімен
(1996 жылдың 01 қарашасындағы
№ 11 отырыс хаттамасы)

Б е к і т і л д і

1996 жылдың 04 қарашасынан бастап

Қолданысқа енгізілді

"Алматы қаржы құралдарының
биржасы" ЖАҚ Биржалық кеңесінің
шешімімен

(1997 жылдың 14 сәуіріндегі
№ 1 отырыс хаттамасы)

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ
валюталық нарық жөніндегі
Биржалық Кеңес Комитетінің шешімімен

(1999 жылдың 01 сәуіріндегі
№ 1 отырыс хаттамасы)

Қ а й т а б е к і т і л д і

Шетел валютасының биржалық сауда-саттық ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.

1996

ТҮЗЕТУ ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (1997 жылдың 28 ақпанындағы № 1 отырыс хаттамасымен) бекітілді;
- 1997 жылдың 03 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1(з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздері ""Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және ""Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.

3. № 2 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігімен 2004 жылдың 01 қыркүйегінде келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 10 қыркүйегіндегі № 29 (з) отырыс хаттамасымен) бекітілді;
- 2004 жылдың 10 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 3 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігімен 2004 жылдың 21 желтоқсанында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 20 қазанындағы № 37 отырыс хаттамасымен) бекітілді;
- 2004 жылдың 21 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

5. № 4 өзгертулер мен толықтыру:

- Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігімен 2009 жылдың 08 қаңтарында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2008 жылдың 25 желтоқсанындағы № 35 отырыс хаттамасымен) бекітілді;
- 2008 жылдың 29 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

6. № 5 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігімен 2010 жылдың 12 қаңтарында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2009 жылдың 23 қарашасындағы № 30 (з) отырыс хаттамасымен) бекітілді;
- 2010 жылдың 13 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

7. № 6 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігімен 2013 жылдың 06 наурызында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2013 жылдың 31 қаңтарындағы № 02 отырыс хаттамасымен) бекітілді;
- 2013 жылдың 15 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі "Биржа" деп аталатын) акционерлік қоғамының сауда-саттығында шетел валютасымен мәмілелер жасасу және осындай мәмілелердің орындалу тәртібін анықтайды (*осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*).

I бөлім. БИРЖАДА САУДАЛАНАТЫН ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ

1 бап. Шетел валюталарын Биржадағы айналысқа жіберуді рұқсат ету. Шетел валюталарымен жасалатын мәмілелер түрлері

1. Шетел валюталары Биржадағы айналысқа Биржалық кеңестің жеке рұқсаттарымен жіберіледі.
2. Биржа өткізетін шетел валюталарының сауда-саттығында мынадай мәмілелер түрлерін жасасуға рұқсат етіледі:
 - 1) есептесу мерзімдері Биржалық кеңестің шешімімен бекітілген, шетел валютасының сату – сатып алу дербес мәмілелері;
 - 2) валюталық своп операциясы болып табылатын, биржалық сауда-саттыққа екі бірдей қатысушылары арасында бір уақытта жасалатын, бір шетел валютасының бірдей санымен жасалатын, бір-біріне қарама-қарсы бағыттағы, бір-бірінен тек орындау мерзімінде айырмашылығы бар (бұл мерзімдер Биржалық кеңестің шешімімен белгіленген шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша есептесулерді жүзеге асыру мерзімдеріне сәйкес келу шартымен) екі мәміленің - шетел валютасын сату – сатып алу жұптық мәмілелері.
3. Осы операцияға кіретін, есептесу мерзімі бұдан да ерте жүзеге асырылатын шетел валютасын сатып алу – сату мәмілесіне сәйкес аталмыш сауда-саттық қатысушысы шетел валютасын сатса, валюталық своп операциясына қатысушы болып табылатын шетел валютасының сауда-саттығына қатысушысы үшін бұл операция "сату – сатып алу" сипатында болады, және, керісінше егер де ол шетел валютасын сатып алса, бұл операция "сатып алу – сату" сипатында болады.
4. Валюталық своп операциясының бағасы ретінде, осы операцияға кіретін шетел валютасының сатып алу – сату мәмілесіне сәйкес оның бағалары арасындағы айырмасы қолданылады; бұл ретте:
 - 1) осы операцияға кіретін, есептесу мерзімі бұдан да ерте жүзеге асырылатын шетел валютасын сатып алу – сату мәмілесіне сәйкес шетел валютасының бағасы осы шетел валютасымен жасалған барлық мәмілелердің орташа сараланған бағасы болып табылады. Аталмыш бағамен қатар осы шетел валютасы сатылған, есептесу мерзімі көрсетілген бірінші сауда сессиясындағы осы операцияның басталу (ашылу) күнінде жасалған есептесулер мерзімі де көрсетіледі;
 - 2) осы операцияға кіретін, есептесу мерзімі бұдан кеш жүзеге асырылатын шетел валютасын сатып алу – сату мәмілесіне сәйкес шетел валютасының бағасы (бұл бағадан осындай мәміле бойынша аталмыш операция қатысушысының міндеттемелері анықталады) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған шетел валютасы бағасы және осы операция бағасы ретінде анықталады.

(Осы бап Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).

II бөлім. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ БИРЖАЛЫҚ САУДА-САТТЫҒЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР

(Осы тақырыптама Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).

2 бап. Биржалық сауда-саттыққа қатысушысы

1. Шетел валюталарының биржалық сауда-саттығының қатысушылары биржаның валюталық нарығының мүшелері болып табылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы және 2009 жылдың 23 қарашасындағы шешімдерімен өзгертілген).*
2. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен алып тасталған).*
3. Биржа мүшелігіне қабылдаудың шарттары мен тәртібі, Биржадағы мүшелікті уақытша тоқтату және тоқтату, сондай-ақ Биржа мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Биржаның ішкі құжаттарымен анықталады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

3 бап. Трейдерлер

1. Шетел валюталарының биржалық сауда-саттығына қатысушылары атынан осы сауда-саттықтарға қатысатын, осы қатысушылармен өкілденген жеке тұлғалар – трейдерлер *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*
2. Трейдерлердің сауда-саттыққа жіберілу шарттары Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.
3. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*
4. Трейдердің биржалық сауда-саттық барысында шетел валюталарымен жүзеге асырған операцияларының кез келгені сауда-саттық қатысушысының әрекеттеріне тең деп танылады.
5. Трейдердің, шетел валюталарымен жасалған мәмілелерін жасасу және орындау тәртібін реттейтін осы Ережелердің және Биржаның өзге де ішкі құжаттарының шарттарын бұзушылық деректері анықталған жағдайда, Биржа бұл трейдерді шетел валютасының сауда-саттығынан шеттетуге құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

Осындай шеттетудің ұзақтылығы мен шарттарын Биржа Басқармасы белгілейді.

Биржа басқармасының трейдерді шетел валютасының сауда-саттығынан шеттеу туралы шешіміне, осы трейдер өкілдейтін, сауда-саттық қатысушысы Биржалық кеңеске шағынуына болады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

Шешімге шағымдану бұл шешімнің күшін тоқтатпайды.

4 бап. Сауда-саттыққа қатысуға жіберілетін өзге тұлғалар

1. Трейдерлер мен шетел валютасының сауда-саттығына қызмет көрсететін Биржа қызметкерлерінен, сондай-ақ Биржаның Президенті мен Вице-президентінен басқа, Биржа сауда-саттығына байқаушылар ретінде қатысуға құқылы өзге тұлғалар тек Биржа Президентінің немесе шетел валюталарының сауда-саттығын өткізуге жетекшілік ететін Вице-президентінің рұқсатымен ғана жіберіледі *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

2. Биржалық сауда-саттыққа қатысып отырғандардың ешбіреуі сауда-саттық кезінде сұрақтарды талқылауға, хабарландыру немесе ескерту жасауға, сондай-ақ осы сауда-саттыққа қатысты қандай да бір әрекеттер жасауға құқығы жоқ.
3. Биржалық сауда-саттыққа қатысып отырған, трейдерлерден өзге тұлғаларға Биржада саудаланатын шетел валюталарымен операцияларды жүзеге асыруға қатаң тыйым салынады.
4. Биржалық сауда-саттыққа байқаушылар ретінде қатысып отырған тұлғаларға сауда-саттық үдерісіне тікелей немесе жанама түрде араласуға қатаң тыйым салынады.

III бөлім. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫМЕН БИРЖАЛЫҚ САУДА-САТТЫҒЫН ӨТКІЗУ. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕРДІ РӘСІМДЕУ

(Осы тақырыптама Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).

5 бап. Шетел валюталары бойынша биржалық сауда-саттығының регламенті

Шетел валюталары бойынша биржалық сауда-саттық регламенті (сауда-саттықты өткізу орны мен уақыты, сауда-саттық өткізудің негізгі әдісі негізгі параметрлері) Биржа Басқармасы бекіткен, Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.

(Осы бап Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 қыркүйегіндегі және 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).

6 бап. Шетел валюталарының баға белгілеулері. Шетел валюталары бойынша сауда-саттық өткізудің әдісі

(Осы бап Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен алып тасталған).

7 бап. Биржалық бағамның өзгеру шектелімі.

1. Биржалық бағамның өзгеру шектелімі деп ағымдағы сауда-саттық барысындағы:
 - сауда-саттықты фиксинг әдісімен өткізгенде: шетел валютасының ағымдағы бағамының алдындағы сауда-саттықта тіркелген бағамға қатынасты;
 - сауда-саттықты өзге әдістермен өткізгенде: сату/сатып алу өтінімдерінде көрсетілетін бағаның алдыңғы сауда-саттықта анықталған биржалық бағамға қатынасты

максималды ықтимал ауытқуларды түсіну керек.

2. Биржалық бағамның өзгеру шектелімінің мөлшерін Биржалық кеңес белгілейді.
3. Егер сауда-саттық фиксинг әдісімен өткізілсе шетел валютасының ағымдағы бағамының ауытқуы белгіленген биржалық бағамның өзгеру шектелімінен асса, Биржа Президенті немесе шетел валюталарының сауда-саттығын өткізуге жетекшілік ететін Биржа Вице-президенті, сауда-саттықты уақытша тоқтатып, Биржалық кеңестің шұғыл отырысын шақыртуы тиіс.

Биржалық кеңес сауда-саттықты қайта жалғастыру немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте, сауда-саттық 24 сағаттан көп уақытқа тоқтатыла алмайды.

Фиксинг әдісімен өткізілген сауда-саттықты биржалық бағамның өзгеруі шектелімінен асуына байланысты уақытша тоқтатуға қатарынан үш рет қана рұқсат етіледі.

4. Сауда-саттықты фиксинг әдісінен өзге әдіспен өткізгенде, бағасы алдыңғы сауда-саттық нәтижесі бойынша анықталған биржалық бағамның өзгеру шектелімінен аса көрсетілген сату/сатып алу өтінімдер қабылданбайды.

8 бап. Биржаның комиссиялық және өзге де алымдары

1. Сауда-саттыққа қатысушылары шетел валютасымен жасаған мәмілелері бойынша комиссиялық алымдар төлейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. Комиссиялық алымдардың көлемі, оларды есептеу және төлеу тәртібі Биржаның ішкі құжаттарында анықталады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
3. Биржаның ішкі құжаттарында сауда-саттыққа қатысушылары төлеуге жататын алымдардың өзге түрлері де (соның ішінде Биржа мүлігін пайдаланғаны үшін) белгіленуі мүмкін *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

9 бап. Шетел валюталарымен жасалатын операцияларға салық

1. Шетел валюталарымен жасалған операцияларға салынуы мүмкін салықтарды әр бір сауда-саттыққа қатысушысы дербес түрде есептеп, төлейді.
2. Биржа сауда-саттыққа қатысушыларының шетел валютасымен жасалған операцияларға салынатын салықтар сомаларын дұрыс есептеуіне, сондай-ақ толық және уақытында төлеуіне жауапты болмайды.

10 бап. Шетел валюталарымен жасалатын биржалық мәмілелер. Мәмілелерді рәсімдеу

1. Шетел валюталарымен жасалған биржалық мәмілелер деп, осы Ережелерге сәйкес өткізілетін сауда-саттық барысында сауда-саттыққа қатысушылары арасында жасалған мәмілелерді түсіну керек.
2. Шетел валюталарымен жасалған биржалық мәмілелер Биржа Басқармасы бекіткен нысан бойынша биржалық куәліктермен рәсімделеді.

Биржалық куәлік шетел валютасының сатып алу – сату мәмілесінің жасалған фактін, сондай-ақ осы мәмілені Биржа тіркеп, есепке алуын растайтын құжат болып табылады.

Биржалық куәлікте, өзге мәліметтерден басқа, Биржа мүшесінің шетел валютасымен сауда-саттық барысында жасасқан, барлық мәмілелерінің тізілімі туралы мәліметтер болады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2013 жылдың 31 қаңтардағы шешімімен өзгертілген)*.

(Осы абзац Биржалық кеңестің 2013 жылдың 31 қаңтардағы шешімімен алып тасталған).

(Осы абзац Биржалық кеңестің 2013 жылдың 31 қаңтардағы шешімімен алып тасталған).

3. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы болып табылатын, Биржа мүшесінің нетто-міндеттері және (немесе) нетто-талаптары туралы ақпарат сауда-саттық сессиясының нәтижелері бойынша электрондық құжат алмасу жүйесі (ЭҚАЖ) арқылы Биржаның сол мүшесіне жіберілетін валюталық нарықтағы нетто-міндеттемелер/нетто-талаптар туралы есепте көрсетіледі *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 31 қаңтардағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Биржалық куәлік сауда-саттық сессиясының қорытындысы бойынша Биржа мүшесіне, берілген мәліметтердің құпиялылығын сақтауды және өзгермеуін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарын пайдалана отырып, кепілді жеткізуші тасымалдау жүйесімен электрондық түрде ұсынылады

(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 31 қаңтардағы шешімімен өзгертілген).

5. Биржада мәміле жасасқан сауда-саттыққа қатысушының атауы, сондай-ақ жасалған осы мәміле бойынша рәсімделген биржалық куәліктің мазмұны коммерциялық құпия болып табылып, үшінші тараптарға, осы мәміленің тараптары болып табылатын сауда-саттыққа қатысушыларының рұқсатысыз жария етуге қатаң тыйым салынады *(осы абзац Биржалық кеңестің 1997 жылдың 28 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

Бұл тыйым Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне биржалық сауда-саттықтардың нәтижелері туралы ақпараттар беруге қолданылмайды.

11 бап. Биржалық ақпарат

(Осы бап Биржалық кеңестің 2004 жылдың 20 қазанындағы шешімімен алып тасталған).

**IV бөлім. ЕСЕПТЕСУЛЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ.
ЕСЕПТЕСУ МЕРЗІМДЕРІН БҰЗУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК**

12 бап. Есептесуді жүзеге асыру

Қазақстандық теңге және шетел валютасымен есептесулерді жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері Биржаның жеке ішкі құжаттарында анықталады.

Валюталық своп операцияларына кіретін, шетел валютасын сатып алу – сату мәмілелері бойынша есептесулер, шетел валюталарының жекеленген сатып алу – сату мәмілелері бойынша белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген).*

13 бап. Есептесу мерзімдерін бұзу үшін жауапкершілік

Есептесу мерзімдерін бұзу үшін жауапкершілік нормалары Биржаның жеке ішкі құжаттарында анықталады.

V бөлім. ДАУЛАР

15 бап. Даулар мен келіспеушіліктерді шешу

Сауда-саттыққа қатысушылар арасында, сондай-ақ сауда-саттыққа қатысушылар мен Биржа арасындағы биржалық мәмілелерді жасасу және орындау бойынша даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі, ал өзара тиімді келісімге келмеген жағдайда – Биржаның даларды шешу жөніндегі комиссиясы шешеді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы және 2013 жылдың 31 қаңтардағы шешімдерімен өзгертілген).*

Президент

Д.Б. Қарасаев